





Уильям ШЕКСПИР

ОТЕЛЛО
АСАУҒА ТҰСАУ
ГАМЛЕТ
РОМЕО МЕН ДЖУЛЬЕТТА
КОРОЛЬ ЛИР
СОНЕТТЕР



әлем әдебиеті кітапханасы





**“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ**

**АСТАНА
2004**

“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*
Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*
Асқаров Ә.А., *жауапты хатшы*
Әбділдин Ж.М.
Әуезов М.М.
Байпақов К.М.
Зиманов С.З.
Кәлетаев Д.А.
Кекілбаев Ә.
Кенжеғозин М.Б.
Қасқабасов С.А.
Қойгелдиев М.Қ.
Мағауин М.М.
Мәмбеев С.А.
Нұрпейісов Ә.К.
Рахмадиев Е.Р.
Сұлтанов Қ.С.
Сүлейменов О.О.
Хұсайынов К.Ш.

Уильям ШЕКСПИР

ОТЕЛЛО
АСАУҒА ТҰСАУ
ГАМЛЕТ
РОМЕО МЕН ДЖУЛЬЕТТА
КОРОЛЬ ЛИР
СОНЕТТЕР



әлем әдебиеті кітапханасы

Аударма

**“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы
көркем әдебиет секциясының мүшелері:**

Кекілбаев Әбіш (*төраға*), Абдрахманов Сауытбек, Әбдіков Төлен,
Асқаров Әлібек, Бельгер Герольд, Елеукенов Шерияздан,
Нұрғали Рымғали, Нұрпейісов Әбдіжәміл, Михайлов Валерий,
Мұртаза Шерхан, Мырза Әли Қадыр, Оразалин Нұрлан,
Сүлейменов Олжас, Тарази Әкім, Шапай Тұрсынжан, Юсупов Кеңес.

Аударғандар

Мұхтар Әуезов, Әбіш Кекілбаев, Хамит Ерғалиев.

Шекспир Уильям.

Ш 42 Отелло. Асауға тұсау. Гамлет. Ромео мен Джульетта. Король Лир.
Сонеттер. — Астана: Аударма, 2004. — 688 бет.

ISBN 9965–18–126–8

Ш $\frac{4703010000-136}{00(05)-04}$

ББК 84 АҒЫЛ 7

ISBN 9965–18–126–8

© “Жазушы” баспасы, 1974.

© “Аударма” баспасы, 2004.

АЛҒЫ СӨЗ

Әлем әдебиеті тарихында айрықша орын алатын ағылшынның ұлы драматургі Уильям Шекспир Эйвондағы Стрэтфорд маңында қызметкер отбасында дүниеге келген. Жергілікті грамматикалық мектепте білім алған. Он сегіз жасында үйленіп, үш қыз сүйген.

Лондон қаласына көшіп келіп, әуелі «Бербеджа», ал 1599 жылдан бастап «Глобус» театрында актер болған. 1616 жылы туған қаласы Стрэтфордта дүние салған.

Шекспир шығармашылығын арнайы зерттеген мамандар оның туындыларын негізінен басты үш дәуірге бөліп, әрқайсысына тән стильдік және жанрлық сипаттарды даралап көрсетеді.

Драматургтің жас кезінде жазылған туындыларда шаттық, қуаныш, лиризм аспанға атып тұр. «Жазғы түнгі түс» (1595), «Венеция көпесі» (1596), «Жоқ жерден шыққан айқай-шу» (1598), «Сізге осы ұнар ма?» (1599), «Он екінші түн» (1600) комедиялары жан біткенді күлкімен қырып салады.

Ағылшын тарихын арқау ететін шежірелік (*хроникалық*) «Ричард III» (1592), «Ричард II» (1595), «Генрих IV» (1597), «Генрих V» (1599) пьесаларында белгілі ел басыларының күрес, тартысқа толы, билік үшін қырқысқан қанды жолы суреттеледі. Осы кезеңде «Ромео мен Джульетта» (1595) және «Юлий Цезарь» (1599) трагедиялары да жазылған.

Бұларға жалғас «Гамлет» (1601), «Отелло» (1604), «Король Лир» (1605), «Макбет» (1605), «Антоний және Клеопатра» (1606), «Кориолан» (1607), «Тимон Афинский» (1608) сияқты ғажайып трагедиялар туды.

Драматург қаламгерінің үшінші кезеңінде, 1608–1612 жылдар арасында «Цимбелин» (1609), «Қысқы ертегі» (1610), «Дауыл» (1612) трагикомедиялары дүниеге келді.

Шекспир драматургиясы өзінің характер, мінездер байлығымен, көркемдік терендігімен, эстетикалық қуатымен адам баласын жүздеген жылдар бойы таңғалдырып келе жатқан рухани құндылықтардың қатарына жатады. Оның пьесаларында көптеген халықтардың, сан алуан дәуірлердің, қоғамдық

орталардың қазанынан қайнап шыққан тағдырлар, адам бейнелері, неше түрлі хал-халеттер, құбылыстар, ішкі-тысқы әлемдер, шындықтар мен ақиқаттар, мақсаттар мен мұраттар, өлімдер мен ажалдар, қатардағы қарапайым адамдар, мыңдардың ғұмырына ықпал еткен қолбасшылар, корольдер патшалар, еркектер мен әйелдер, сан нәсіл-ұрпақтың, сенім-танымдардың өкілдерінің тірі бейнелері, сахнада тірілген кейіптері бар. Әр қаһарманға лайық тіл толастамас әрекет, буы бүркыраған күштарлық, айқара ашылған адам психологиясының шындығы — Шекспир пьесаларына тән етене қасиеттер.

Драматург өз шығармаларына қажетті сюжеттер мен кейіпкерлерді фольклордан, мифтен, антикалық әдебиеттен, тарихи хроникалардан, рим, итальян новеллистерінен, Плавт, Сенека, Плутарх шығармаларынан еркін қарпып алып, қайта қорытып, таңғажайып дара туындылар жасаған.

Қиял тізгінін тартпай отырып, қасаң ережелер мен шідерлі шарттарға бағынбай, психологиялық сенімділікпен дамитын сюжеттерге құрылған, еркін құрылымды пьесаларда реалистік бейнелердің мың сан үлгісі бар.

Қазақ әдебиетінің реалистік кең арнаға түсуіне игі әсер етіп, ықпал жасаған ағыстардың бірі — аударма десек, бұл ойды драматургияға қатысты да айтуға болады. Әлем әдебиетіндегі дара тұлға — данышпан Шекспир шығармаларын қазақ тіліне аудару өткен ғасырдың отызыншы жылдары қолға алынған.

Өзі актер болып ойнаған, сахна сырына жетік, драматургия, театр туралы мақалалар жазған, бірер шағын пьесаның авторы, ақын, прозашы Мәжит Дәулетбаевтың шығармашылық мұрасында аударма туындылар аз емес. Ол Гогольді, Чеховты, Горькийді, Фадеевті, Ремаркты қазақ оқырмандарына таныстырды. Ал Шекспирдің «Гамлетін» аударып, 1931 жылы бастырып шығару, Қазақстан әдеби өміріндегі ерекше мәнді оқиға еді. Кітапқа жазылған алғы сөзінде Сәкен Сейфуллин аудармашы еңбегін жоғары бағалайды, өзінің Шекспир шығармашылығынан мол хабардар екенін аңғартады.

Тұтастай алғанда, Мәжит Дәулетбаевтың аудармашылық мәдениеті биік өреде болғанын көреміз. Әр түрлі орысша нұсқаларға сүйену, пьеса тарихына, жазылуына байланысты деректерді құнттау ғылыми талаптын қойылғандығын аңғартады. «Гамлеттің» 1931 жылы қазақ топырағына келу фактісі — ұлт әдебиетіндегі соны құбылыс. «Гамлеттің» осы жинаққа беріліп отырған Хамит Ерғалиев нұсқасы — жаңа дәуірдегі ізденіс белгісі.

Мұхтар Әуезов әлем әдебиетіндегі өзі ерекше құрметтеп, ұстаз тұтқан екі алыпты айтты, олар прозада — Лев Толстой, драматургияда — Уильям Шекспир. Бұлардың мұрасын оқып, дәстүрлерін зерттеп, дамыту үстіне, қазақ әдебиетіне асыл қазына, байлық болып қосылған классикалық аудармалар тудырды. Соның бірі — «Отелло» трагедиясы.

Мұхтар Әуезовтің аудармашылық палитрасындағы бояулар өте бай. Қазақ тілінің сөздік қорын құлпыртып, жаңғыртып, құбылтып пайдаланған. Мәселен, дож, синьор, сенатор, лейтенант, генерал, герцог секілді сөздер өз қалпында алынса: *труба* — керней, *флейта* — сырнай, *свита* — нокер, *латук* — тікен, *колбаса* — бүйен, *ночная рубашка* — еткойлек, *носилка* — котергіш, *хризолит* — лағылтас деп берілген. *Рогач* — алданған ер, *мнительный* — сезікшіл, *чудной* — ерепейсіз, *благородный* — асылзада, *льстивый раб* — жорға құл, *дикая драка* — қырықпышак, *убитый гневом* — ашуынан қайғы шеккен, *хаос* — дозақ, *монахиня* — сопықатын болып сәтімен аударылған.

Әлем әдебиетінің ең биік заңғарларының бірі — Уильям Шекспир шығармаларының үлкен бір томдығының қазақ оқырмандарына жол тартуы әрі құштарлық, әрі қуанышты құтты қадам.

Рымғали НҰРҒАЛИ,
академик.

ОТЕЛЛО

ОТЕЛЛО

БЕС ПЕРДЕЛІ ТРАГЕДИЯ

Аударған Мұхтар Әуезов

ҚАТЫСУШЫ АДАМДАР:

Венецияның дожи — (герцог дәрежесінде).

Брабанцио — сенат мүшесі. Дездемонаның әкесі.

Грациано — Брабанционның інісі.

Лодовико — Брабанционның туысқаны.

Отелло — Мавр нәсілді Венецияның әскери қызметкері.

Кассио — Отеллоның лейтенанты.

Яго — Отеллоның прапорщигі.

Родриго — Венеция дворяны.

Монтано — Кипрдің бұрынғы әміршісі.

Шут — Отеллоның қызметкері.

Дездемона — Отеллоның әйелі.

Эмилия — Ягоның әйелі.

Бианка — Кассионың (ашынасы).

Сенаторлар.

Офицерлер, солдаттар, матростар, шапқыншылар, жаршылар, музыканттар Кипр адамдары, халық.

Уақиға біріншісі Венецияда, қалғандары Кипр аралында болады.

БІРІНШІ КӨРІНІС

Венецияның көшесі. Тун. Родриго, Яго шығады.

Р о д р и г о.

Жөнел! Жоғал!
Өкпелеймін мен саған.
Алтынымды қалтамнан
Өз мүлкіндей көруші ең.
Ұятың қайда, біліп жүріпсің.

Я г о.

Япырай, тыңдамаған өзің ғой.
Осынау істі білгендігім шын болса,
Бетіме түкір дедім ғой!..

Р о д р и г о.

Өлердей өшім сол деп ең.

Я г о.

Өтірік айтсам ондырма,
Мені соған лейтенант етем десіп ед.
Беделі бар үш адам ед кіріскен.
Құдай ақына, сол орынға татушы ем,
Бірақ ол паңдығына басыпты,
Құлаққа ілмей сөздерін
Мақтан сөзбен тасыпты.
Сүйтіп келіп,
Үшеуін бірден тойтарып,
«Тандап алған офицерім бар» депті.
Онысы кім десеңші?
Рас, ол есепке жүйрік-ақ,
Микеле Кассио деген бір флоренциялық.
Өлердей сүйген сұлуы да бар екен.
Жалғыз-ақ соғыста эскадрон да бастап көрмеген.

Әскер тәртіп ісінен,
Барлық білген шамасы.
Шүйке есетін қатындай
Жаттағаны күр солдаттың боқтығы,
Соғыс жайын тоғы киген ссрінің
Бәрі де сондай білер-ақ.
Тілде бар да, істе жоқ.
Қасиетін көрдің бе?
Бірақ соны таңдапты.
Ал мен,
Отеллоның өз көзінше қырғында
Родоста да, Кипрде
Язішілер
Жерінде де болып ем.
Жолымды міне шот қағушы кесіпті.
Сағаты соғып, ол лейтенант болғанда,
Е, тәңірі, мен маврдың прапорщигі ғана болмақпын

Р о д р и г о.

Мен жендеті болар едім өйткенше.

Я г о.

Қайтерсің. Қызметтің соры осы:
Достықпен, сәлем хатпен өсіред.
Бұрынғы болса ретімен
Бізге де кезек келер ед.
Ал, ойлаңыз өзіңіз,
Маврды мен сүйерлік
Жөні қайсы, қанеки?

Р о д р и г о.

Қызметін неге етесің?

Я г о.

Ендеше сабыр етіңіз,
Қызметін өзіне қарсы жолдармын.
Екінің бірі бек болмас,
Адал жалшы тек болмас.
Аз емесін білесіз,
Адал күл да, жорға күл,
Құлдығы мен қорлығын ғана сүйем деп
Мырза мінген есектей,
Әл-қуатын сарп қылып
Жем үшін күн кешетін.

Қартайса қаңғып кететін.
Сойса дейім сол құлды.
Бірақ басқасы да болады —
Қимылы мен қабақта ғана шырай бар
Жүрек сыры ішінде бекем жататын.
Мырзаны құр сыртымен
Ырзалап жүріп сыпайтын,
Қуаты жетсе,
Өзіне ғана тартатын
Адам осы десеңші.
Міне, өзімді сондай санаймын да.
Сондықтан —
Сіз Родриго болғандай,
Мен мавр болғанда,
Әсте Яго болып қалмас ем.
Оған деген қызметім —
Өзіме де қызметім.
Қарыздарым, сүйгенім сол деген боп,
Мақсатымның бетін ғана бүркеймін.
Барымды сыртқа шығарып,
Сырым, жүзім, жанымды
Шыныменен көрсетсем,
Онда жүрек деген немені
Қолыма ұстап, қарғаға шоқытып жүрсемші,
Үйтсем мен — мен болмаспын.

Р о д р и г о.

Бақытын-ай көнтек ерін неменің!
Дегеніне жеткені-ай!..

Я г о.

Оятыңыз әкесің,
Шабыңыздар қуалай!
Алаң сайын ләнеттеп,
Қыз туғанын жиыңыз!
Алтын сарай елде екен.
Шақтырыңыз шыбынға.
Беті қайтпас бақты екен
Талатып сұрқын бұзыңыз.

Р о д р и г о.

Қыздың үйі мінеки
Салайын мен айғайды.

Я г о.

Иә, өкіріп те зар қақсап,
Халқы қалың қалада
Өрт шыққандай етіңіз.

Р о д р и г о.

Ей, әй Брабанцио, синьор Брабанцио!

Я г о.

Ояныңыз, синьор!
Жау бар, жаулар, ұры бар,
Тексеріңіз тезірек.
Үйің, қызың, пұлың тегіс бар ма екен?
Ей... жау, бар жаулар!

Жоғарғы терезеден Брабанцио көрінеді.

Б р а б а н ц и о.

Бұл неткен шу құтырған?
Немене боп қалып еді?

Р о д р и г о.

Үй, жаныңыз түгел ме екен, синьор?

Я г о. Берік пе екен қақпаңыз?

Б р а б а н ц и о. Бұл не деген тергеулер?

Я г о. Құрып қалсын! Таландыңыз! Масқара-ай! Киініңіз.
Жүрегіңіз өртенді. Жан шығарға жеттіңіз! Қазір осы сәтте кәрі,
қара бір қошқар тоқтыңызды қашырып жатыр... Ал болыңыз,
ұйқыдағы халықты қоңырау соғып жиыңыз, әйтпесе сайтан иектеп,
немерелі боларсыз! Қамдан деймін тезірек!

Б р а б а н ц и о. Жынданғанбысың өздерің!

Р о д р и г о. Құрметті синьор, менің даусымды таныдыңыз ба
өзіңіз?

Б р а б а н ц и о. Сіз кім едіңіз?

Р о д р и г о. Менің атым Родриго.

Б р а б а н ц и о.

Сүйкімсіз қонақ!
Үй маңына жолама дегенім қане!
Менің қызым саған жоқ деп
Тұп-тура айтпап па ем?
Улы араққа масайрап,
Енді келіп құтырып
Қас ниетпен қарайып
Тыныштығымды бұзбақ па ең!

Р о д р и г о.

Синьор! Синьор!

Б р а б а н ц и о.

Есіңе мықтап салайын,
Дәрежеме күшім сай
Сыбағанды берермін.

Р о д р и г о.

Сабыр етіңізші, сударь!

Б р а б а н ц и о.

Талау деймісің?
Бұл Венеция.
Менің үйім лашық емес.

Р о д р и г о. Мархабатты синьор. Мен шын пейіліммен келдім ғой.

Я г о. Сударь, сіз бір кара басқыр адам екенсіз. Әзәзілден әмір алса, құдайын ұмытатынның дәл өзі екенсіз. Біз сізге достық ете келсек, өзімізді сұм демексіз. Тегі қызыңызға бер-бер тұқымды айғыр шауып, бар немере, шөбереніз кісінеп түрегелсін дейсіз ғой. Тегі желіскерден, кер торыдан туысыңыз болсын дейсіз ғой.

Б р а б а н ц и о. Былапыт, арсыз, сен кімсің?

Я г о. Синьор, мен қызыңыз бен мавр екеуі дәл қазірде қос арқасы бар хайуанға ұқсап беттесіп жатыр дегенді айта келген кісімін.

Б р а б а н ц и о.

Бір күнсыз, сұмырай екенсің!

Я г о.

Ал сіз болсаңыз — сенатор екенсіз.

Б р а б а н ц и о.

Тартасың жазанды.
Родриго, сені білуші ем ғой.

Р о д р и г о.

Барды айтайын, бірақ жалғыз сұрауым:
Осы сіздің жеті түнде, айдай қызынды
Қасына жалғыз жалдама қайықшы қосып,
Өзге жасауыл, күзет қоспастан
Маврдың құшағына жібергеніңіз анық па?
Солай демеске шарам жоқ.
Егер біле тұра өзіңіз көнген болсаңыз.
Онда біз адастық, сізді текке ренжіттік.
Ал егер білмеген болсаңыз, әдеп лайық қой.
Онда сіз босқа ұрсасыз. Иланыңыз,
Сіздің жақсы атағыңызды қорлауға,

Менің ар-ұятым жол бермес еді.
Ал қызыңыз сіздің — әке еркіне қарамай!
Зор айыпқа батыпты,
Ар, ақыл, көрік, тағдыр баршасын
Қаңғыған, елсіз, бөтен
Жат біреуге ұсыныпты. Біліңізші тезірек,
Үйіңізде қыз болса,
Сізді алдаған күнәма
Осы елдегі зор жазаны тартайын.

Б р а б а н ц и о.

Шақпақты ендеше
Әкел жарықты.
Оят барлық күлдарды.
Шошып едім түсімнен,
Тіпті ауызға алсам, жан түршігед.
Жарық қайда! Жарық! (*Жоғары кетеді.*)

Я г о.

Қош болыңыз, кетейін.
Бұнда қалсам амалсыз,
Ұлықты шаққан болармын,
Ол лайықсыз және қатер ғой.
Сенатты мен білем ғой.
Аз кінәлар да тоқталар.
Отеллоны жазалауға батпайды.
Жан саясы бәрінің
Осы жолғы жорықта сол ғана.
Бұндай іске сенаттың,
Онымен тең жаны жоқ.
Сол себепті мен міне —
Тозақтан бетер сүйсем де маврды,
Өмірдің көніп күшіне,
Достық туын бейіліме белгі деп
Ала ұмтылған боламын.
Бірақ ол белгі ғана.
Тауып аламыз — десендер,
Қуғындарың қонақ үйге беттесін.
Сонда қасында мен де боламын.
Қош тұрыңыз. (*Кетеді.*)

Брабанцио қызметшілерімен жарық ала шығады.

Б р а б а н ц и о.

Сор бекер болып па ед — жоқ
Бұл сұмырай өмірде.
Өкініш қана маған қапты.
Ал қайда дейім айтсаңшы, Родриго,
Көрдің бе өзін? Сорлы балам.
Маврға... Бүйткен әкелікті қайтейін!
Таныдың ба өзін? Не деген алдау!
Сізге не деді өзі? Фонарь әкел.
Шақыр барлық туысқанды
Не, келісіп те қойып па?

Р о д р и г о.

Солай ма деймін.

Б р а б а н ц и о.

Үйден қайтіп шықты екен.
Атадан азған.
Әкелер, көрініске алданып,
Қыздарыңа сенбеңдер.
Тазалық, жастық баршасын
Алдайтын сиқыр аз ба екен.
Бұндай жайды, Родриго,
Оқығаның бар ма еді?

Р о д р и г о.

Әрине, оқып ем.

Б р а б а н ц и о.

Шақыр інімді.
Бүйткенше сізге тисе етті.
Шап жан-жаққа. Білесіз бе,
Маврменен екеуін
Қай арадан ұстаймыз.

Р о д р и г о.

Табармын деймін.
Жасауылды жиып ап.
Жүрмейсің бе соңымнан?

Б р а б а н ц и о.

Бастаныз ендеше,
Әмірім жеткен жерлерде
Елдің бәрін оятам.
Ал қаруды, ей,

Барлық қарауыл басы оянсын,
Жүрші, досым.
Еңбегінді ұмытпан.

Бәрі кетеді.

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Венеция. Басқа көше.

Отелло, Яго және факел (жарық) ұстаған қызметшілер шығады.

Я г о.

Соғыста адам өлтірсем де,
Арсыздық деп білемін.
Өлтіруге тектен-тек
Сорым сол,
Қаталдығым жетпейді.
Болмаса ма?
Бүйірінен сан рет сапы салар ек...

О т е л л о.

Салмағаның абзал да.

Я г о.

Жоға, өтірігін, сұмдығын.
Асқақ сөйлеп әулігіп.
Тілін сізге тигізген.
Көре тұра иттігін,
Жорғалыққа жайым жоқ,
Салып-ақ қала жаздадым.
Айтыңызшы жалғыз-ақ,
Алғаныңыз шын ба өзі?
Білесіз бе және де.
Сенатор дегдар мұнда сүйікті
Оның өзі тегінде
Дож сөзінен салмақты.
Сізге қаптап жүрмесін
Жұмсап барлық амалды
Мазаңызды алмасын.
Заң да оның соңынан
Күшігіндей ермесін.

О т е л л о.

Келтіре берсін залалын.
Өлкеге еткен еңбегімнің салмағы,

Оның етер арызынан астамырақ.
Және де намысыма шіркеу етпей мақтанды.
Шахзадалық тегімді де ашармын,
Тең сөйлесіп көрсермін.
Ұлы баққа жеткенде,
Еңбегіммен,
Орнымменен жеткемін.
Білесіз бе, Яго!
Ғашығым сүйікті Дездемона болмаса,
Өміріме тұсау сап,
Түз құсындай емін-еркін күнімді
Теңіздегі хан қазынасына бермес ем.
Мынау неткен оттар?

Я г о.

Әкесі ғой тобын ертіп келе жатқан.
Үйге енсеңіз қайтеді?

О т е л л о.

Жоқ, тапсын мені.
Дәреже, еңбек, ақтығым
Кепілім болмай қайтеді?
Солар ма өзі?

Я г о.

Жоға, құдай үшін.

Кассио және факел ұстаған бірнеше полицейлер шығады.

О т е л л о. Дож қызметкерлері, қасындағы менің лейтенантым,
қайырлы түн, достарым! Не жаңалық айтасың?

К а с с и о.

Есенсіз бе, генерал,
Дож жіберді,
Тығыз бұйрық тапсырып,
Бөгелместен жетсін дейт.

О т е л л о.

Немене екен онысы?

К а с с и о.

Тегі, Кипр болар себебі
Тағы пәле бар білем.
Кемеден бірі, артынан біреуі,
Тап он екі шапқыны
Бүгін түні кетті ғой.
Сенатордың көбі де

Дож қасына барыпты.
Асығып сізді іздетіп
Пәтерден де таба алмай,
Үш тарапқа шапқыншы,
Сізді іздеумен кетіпті.

Отелло.

Мен ризамын, тауыпсыздар...
Үйге кіріп екі сөз
Айтайын да ерейін. (*Кетеді.*)

Кассио (*Ягога*).

Өзі бұнда неғып жүр?

Яго.

Түнде құрғақта жүрген бір кемеңі басыпты.
Олжасы бойына сіңсе,— бұл бақытты болмақшы.

Кассио.

Мен ұқпадым!

Яго.

Қатын алыпты.

Кассио.

Кімді?

Отелло кіреді.

Яго.

Құдай біледі... Жүрдіңіз бе, генерал?

Отелло.

Жүріңдер.

Кассио.

Тағы бір отряд сізге келед.

Яго.

Брабанцио!.. Сақтаныңыз, генерал! —
Ниеттері жаман ғой...

Брабанцио, Родриго шығады.

Қастарында факел ұстаған, қару асынған жасауылдар.

Отелло.

Тоқтаныздар!

Родриго.

Синьор, міне мавр!

Брабанцио.

Ұста шапшаң ұрыны.

Екі жақтан сапылар жарқ-жарқ етеді.

Я г о.

Родриго, сіз бе едініз? Алдияр, сударь!

О т с л л о.

Тарт сапыны,
Шық тиіп, тат басады оларды!
Синьор, сіздің қарудан да
Үлкендікке етерлік
Ілтипатым молырақ.

Б р а б а н ц и о.

О, қуарған ұры,
Қайда тықтың қызымды?
Оңбаған, сиқырыңмен алдың ғой!
Ақылы сау адамға
Аярлық сырың мәлім ғой.
Болмаса сендей, момын қыз,
Бақытты жас нәресте.
Венецияның бай да сұлу бектерін
Тастап, батып мазаққа,
Күйедей қара жүзіңе,
Жан шошынар кейпіңе
Кетті деуге кім сенер?
Тексерсін елдің төресі,
Күндей айқын, әрине,
Сұм, сиқырлық қолданып
Қызға ішірткі ішкізіп,
Еркін алып қойыпсың. Тергесін сот,
Мүмкін бе екен, жол ма екен?
Тұтқын ғып сені байлаймын
Жан көрмеген жәдігөй,
Сыбағанды беремін.
Ұстандар! Егер болмай егессе,
Өз обалы өзіне.

О т с л л о.

Тарт қолыңды!
Мен дегендер тапжылма!
Соғыс болса бар рөлім
Суфлерсіз-ақ ойнар ем.
Қайда жауап берейін?

Б р а б а н ц и о.

Абактыда,
Жауапқа сені жолымен,

Шақырғанша заңды сот,
Сол арада боласың.

О т е л л о.

Сіз айтқанға бағынсам,
Дож әмірін қайтемін?
Бұнда соның елшісі
Мемлекеттің ісімен
Мені шақыра келіп тұр.

О ф и ц е р.

Рас еді бұл,
Синьор,
Дож кеңесте, шақырған болар сізді де.

Б р а б а н ц и о.

Дож кеңесте?
Жеті түнде?
Ал ендеше алып жүр,
Ісім оңар тегінде.
Дож да, сенат та, өзге досым да
Бұл істі ортақ дерт көрер,
Болмаса, жазасыз бұны жіберсек,
Әрі кәпір, әрі құл
Әміршіміз боп кетер...

Кетіседі.

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Мәжіліс залы.

*Дож бен сенаторлар өзді-өзі орындарында.
Арттарында жасауыл, нөкерлер*

Д о ж.

Хабарларда қайшылық көп.
Шыны қайсы? Күмәнді...

1-с е н а т о р.

Дәл емес.
Бірақ маған
Жүз де жеті кеме десед...

Д о ж.

Маған жүз қырық деп жазыпты...

2-с е н а т о р.

Маған екі жүз депті.
Мөлшерменен айтқан ғой.
Себебі анық болмағанмен

Нағыса да түріктердің кемесі,
Кипрге беттеп баратқаны ап-анық.

Д о ж.

Кеңесуге сонысы да жетерлік.
Дәл-мәл дейтін несі бар,
Ең аяғы даусызы,
Төніп тұрған қауіп бар.

М а т р о с (*сахна сыртында*).

Ей, ей, жібер дейім...

Матрос кіреді

Қ ы з м е т ш і л е р.

Кемеден келген шапқыншы!

Д о ж.

Не бар, сөйле!

М а т р о с.

Жау кемесі Родосқа беттепті,
Анджело синьор
Сенатқа соны білдір деп
Бұйырған еді!

Д о ж.

Міне өзгеріс!

І- с е н а т о р.

Мүмкін емес,
Мағына жоқ. Жорта сүйтіп
Біздің көзді алдамақ,
Осы арада ойға сап,
Түрікке Родос емес
Кипрдің қажеттігін байқасақ,
Барлығын да танимыз.
Және алу да оңай Кипрді
Қорғаны болсын, қамқоры болсын бәрі де
Родостай ма? Осының бәрін екшесек:
Ең керегін таңдамай,
Өзі нәрлі, өзі оңайын баурамай,
Әрі қатер, әрі пайдасызға басатын
Түрік ондай аңғал деймісің?

Д о ж.

Әрине, ойдағысы Родос емес.

Қ ы з м е т ш і л е р.

Тағы шапқыншы!

Шапқыншы кіреді.